

Қазақстан Республикасы Әділет органдарының қылмыстық-атқару жүйесі тергеу изоляторларында қамау түріндегі жазаларды орындау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010 жылғы 25 ақпандағы № 64 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 17 наурызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6129 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2011 жылғы 04 тамыздағы № 279 бұйрығымен

Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің м.а. 2011.08.04 № 279 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 64-бабына сәйкес, «**Әділет органдары туралы**» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 2-тармағының 3) тармақшасын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы әділет органдарының қылмыстық-атқару жүйесі тергеу изоляторларында қамау түріндегі жазаларды орындау ережесі бекітілсін.
2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің төрағасына жүктелсін.
3. Осы бұйрық бірінші ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр *Р. Түсіпбеков*
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ә д і л е т м и н и с т р і н і ң
2 0 1 0 ж ы л ғ ы 2 5 а қ п а н д а ғ ы
№ 64 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы әділет органдарының қылмыстық-атқару жүйесі тергеу изоляторларында қамау түрінде жазаны орындау ережесі

1-тарау. Тергеу изоляторына қамау түрінде жазаға сотталғандарды қабылдау, тінту және тексеру жүргізу тәртібі

1. Осы Қазақстан Республикасы әділет органдарының қылмыстық-атқару жүйесі тергеу изоляторларында қамау түрінде жазаны орындаудың ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексіне (бұдан

әрі – ҚР ҚАК) сәйкес әзірленді және қамау түрінде жазаны орындау тәртібін р е т т е й д і .

2. Қамау түрінде жазаны орындау заңды күшіне енген сот үкімінің негізінде, сотталған жері бойынша қамау түрінде жазаны өтеуге арналған тергеу изоляторының (бұдан әрі – ТИ) үй-жайында жүзеге асырылады.

ТИ қызметкері қамау түріндегі жазаны орындау кезінде, осы Ережеге қарсы келмейтін бөлігінде, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2004 жылғы 27 тамыздағы № 245 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 3062 нөмірімен тіркелген) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті тергеу изоляторының ішкі тәртіп ережесін бекіту туралы Ережесін, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2004 жылғы 27 тамыздағы № 244 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 3064 нөмірімен тіркелген) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің тергеу изоляторында ұсталатын адамдарды күзету мен қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы Ережесін басшылыққа алады.

3. ТИ арнайы есеп бөлімінің қызметкерлері қамау түрінде жазаға сотталғандарды (бұдан әрі – сотталғандар) қабылдау, есепке алу, айдауылдауға дайындау, оларды ТИ-дан босату және сотталғандарға қатысты сот үкімдерін орындаумен байланысты басқа да мәселелер бойынша қызметтерді Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы № 150 бұйрығымен бекітілген түзеу мекемелеріндегі арнайы есепке алу бөлімдерінің (бөлімшелерінің, топтарының) жұмысын ұйымдастыру жөніндегі Нұсқаулыққа (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 1719 нөмірімен тіркелген), сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының өзге де нормаларына сәйкес жүзеге асырады.

4. Сотталғандарды ТИ-ға қабылдауды ТИ-дың арнайы есеп және медициналық бөлім қызметкерлерінің міндетті түрде қатысуымен ТИ бастығының кезекші көмекшісі (бұдан әрі – ТИБКК) жүзеге асырады.

5. Сотталғандарды қабылдау кезінде ТИБКК қамау түріндегі жазаны орындау үшін негіз болатын құжаттардың болуын тексереді, олардың жеке басын куәландыратын құжаттардың негізінде келген сотталғандарға тиесілігін а н ы қ т а й д ы .

6. Сотталғанның фотосуреті, сотталғанды тергеу кезінде алынған, сот үкімінде көрсетілген сауалнама деректері, жеке басын растайтын құжаттар сәйкес келмеген жағдайда ТИБКК арнайы есепке алу бөлімінің бастығымен бірлесіп шешім қабылдау үшін осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша акт жасап, оны үкім шығарған сотқа жібереді.

7. ТИ-ге келген барлық сотталғандарға толық және жартылай жеке тінту жүргізіледі. Сотталғандар ТИ-ға келген кезде, одан тыс жерге жөнелту алдында, карцерге қамау алдында, сондай-ақ сотталғандардың тыйым салынған заттар мен нәрселерді жасырып қалу күдігі бойынша толық тінтуден өтеді.

Жартылай тінту сотталғандарды ТИ-дан тыс жерге алып шыққанда (саусағының таңбасын алуға, дәрігерге, тергеушіге алып шыққанда, серуендеуге, санитардық тексеріске, басқа камераға ауыстыру кезінде, тінту шаралары кезінде) жүргізіледі. Жартылай тінту тінтілушіні шешіндірмей-ақ киімін және аяқ киімін қарап, саусақпен басып көру арқылы жүргізіледі.

8. ТИ-ға түскен сотталғандар олардың деректерін нақтылағаннан кейін ТИБКК және бақылаушылар ауысымымен ТИ-дың жиналу бөлімшесіне айдауылданады, онда толық жеке тінтуден өткізіледі, дактилоскопиядан өтеді, суретке түсіріледі, ал оларға тиесілі заттарға тексеру жүргізіледі.

Толық тінту кезінде тінтілушінің денесі, оның киімдері, аяқ киімдері, сондай-ақ протезі мұқият тексеріледі. Сотталғандар толық шешініп, денесінің тиісті жерін көрсету ұсынылады. Пластырлы жапсырма, гипс және басқа да байлауыштар медицина қызметкерімен бірге тексеріледі. Киімге тігілген заттар табылған жағдайда, матасы сөгіледі. Аяқ киім болса, оның жапсырмасы, темір тағалары суырылып алынады.

9. Сотталғандарды жеке тінтуді онымен жынысы бір ТИ қызметкері жүргізеді. Толық тінту кезінде қарсы жынысты адамның қатысуына болмайды, тек қажет болған жағдайда медицина қызметкерінің қатысуына болады.

Сотталғандардың заттарын тексеру олар ТИ-ға түскен кезде, одан тыс жерге жөнелту, басқа камераға, медициналық стационарға ауыстыру немесе карцерге қамау алдында өзінің қатысуымен жүргізіледі.

10. Сотталғандарды толық жеке тінту немесе олардың заттарын тексеру осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес хаттамамен ресімделеді, онда тыйым салынған бұйымдар, заттар және тамақ өнімінің тізімі тізіледі. Толық тінту мен заттарды тексеру қатар жүргізілген жағдайда бір хаттамамен ресімделеді. Хаттамаға сотталғанның және жеке тінту жүргізген ТИ қызметкерінің қолдары қойылады. Сотталғанның хаттамаға қол қоюдан бас тартуы және оның тінту немесе заттарын тексеру кезіндегі талаптары хаттамада жазылады. Хаттаманың бірінші данасы сотталғанның жеке ісіне тігіледі, екіншісі сотталғанға беріледі. Толық жеке тінту немесе заттарды тексеру туралы сотталғанның камералық карточкасында тінту немесе заттарын тексерушінің тегі мен тексерілген күні көрсетіліп белгіленеді.

11. Жартылай жеке тінту жүргізілгенде тыйым салынған құралдарды, заттар мен тамақ өнімдерін тәркілеу туралы баянат жазылады. Тізбеде көзделген қамау түріндегі жазаға сотталғандардың пайдалануына тыйым салынған, сондай-ақ

сотталғандарға өздерімен алып жүруге, посылкамен, сәлемдемемен, бандерольмен осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес алуға және ТИ-дің дүкенінен алуға рұқсат етілген заттар мен бұйымдар тізбесінде (бұдан әрі – Тізбе) көрсетілмеген заттар, бұйымдар, құжаттар және тамақ өнімдері осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес алып қойылады, жазасын өтеп шыққаннан кейін босатылғандарға қайтару үшін қоймаға сақтауға тапсырылады. Сотталғандардың қалдырған жеке заттары мен бұйымдары камералық карточкаға жазылады.

12. Медициналық қызметкер дене жарақаттарын және жұқпалы ауру белгілерін анықтау мақсатында сотталғандардың сыртқы қарауын өткізеді. Дене жарақаттары анықталған факті туралы кешіктірілмей жазбаша түрде қадағалаушы прокурорға хабарланады. Бұдан әрі сотталғандардың шомылуы, толық санитарлық тазарту, медициналық тексеру жүргізіледі. Осы мерзім ішінде жұқпалы ауру анықталған жағдайда, олар дереу оқшауландырылады және ТИ-да эпидемияға қарсы кешенді шаралар жүргізіледі.

Мекеме психологтары жаңа келген сотталғандардың жеке тұлғасын зерттеу, оларды жаңа жағдайға бейімдеу, өз-өзіне қол жұмсауға, мүшесін зақымдауға және басқа да заңсыз әрекеттерге бейім адамдарды анықтау бойынша жұмыс жүргізеді. Зерделеу нәтижелері бойынша жаңа келген сотталғанның әрбіріне психологиялық портреті жасалады және олармен жұмыс істеу жөнінде қызметіне ТИ тиісті ұсынымдар енгізіледі.

13. ТИ-дың жиналу бөлімшесінде ұстау кезінде сотталғандар жаза өтеу тәртібімен және шарттарымен, ұсынымдар, арыздар мен шағымдар жазу тәртібімен, өздерінің құқықтарымен және міндеттерімен қолын қойып танысып, жаза өтеудің белгіленген тәртібін бұзғаны үшін қолданылатын жауапкершілік туралы ескертіледі. Оларға ТИ-да ұстау режимін сақтау үшін қадағалау және оқшаулау техникалық құралдары, ал қажет болған жағдайда күш, арнаулы құралдар, қару және арнаулы бөлімшелер қолданылатыны түсіндіріледі.

Кейіннен осындай ақпараттар радио арқылы, камераларды аралау кезінде, ТИ бастығының, не оны алмастыратын адамның және оларға өкілетті қызметкерлердің жеке қабылдауында беріледі. Әрбір камераның қабырғасында мемлекеттік және орыс тілдерінде ТИ-да ұсталатын сотталғандардың негізгі құқықтары мен міндеттері туралы ақпарат ілінеді.

14. Сотталғандар ТИ-ге келген соң 10 жұмыс күнінен кешіктірмей, өзінің қалауы бойынша туысқандарының біріне ТИ-дың пошталық мекен жайы, сотталғандардың посылкалар, сәлемдемелер және бандерольдер арқылы алуына рұқсат етілетін бірінші кезекте қажет заттардың тізбесі, хат алысу, ақша алу мен жіберу, адвокаттармен кездесу тәртіптерінің негізгі талаптары, сотталғанның телефонмен сөйлесу құқығы көрсетілген хабарлама жіберіледі.

2-тарау. Сотталғандарды ұстау тәртібі

15. ТИ-да ұсталатын адамдарға «Сіз» деп тіл қатуға және оларды «азамат» немесе «азаматша» деп және бұдан әрі тегі бойынша немесе «сотталған» деп а т а у л а р ы к е р е к .

16. ТИ бастығы күн тәртібін белгілейді және бұйрықпен жариялайды. Онда сегіз сағаттық үздіксіз ұйқы, ұйқыдан тұру, дәрет алу, тамақтану, камераларды тазарту бойынша жұмыс, тәрбиелік іс-шаралар, ұйқыға жату көзделеді.

17. Сотталғандар жазасын өтеу кезінде:

1) тәртіптің белгіленген ережелерін бұзбай күн тәртібінде көзделген жеке у а қ ы т ы н п а й д а л а н а а л а д ы ;

2) ТИ әкімшілігіне, ТИ-дың жоғары тұрған басқару органдарына, сотқа, прокуратура органдарына, басқа да мемлекеттік органдарға, қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ адам құқығы мен бостандығын қорғау жөніндегі халықаралық ұйымдарға шағымдана алады, және хат алысады.

Сотталғандарға мемлекеттік немесе орыс тілдерінде, қалауы бойынша не ана тілінде немесе өзі білетін кез келген басқа тілде түсініктеме беруге, қажет болған жағдайларда аудармашының қызметін пайдалануға құқылы. Сотталғандарға жауап өтініш жасаған тілінде қайтарылады. Өтініш жасаған тілде жауап қайтаруға мүмкіндік болмаған жағдайда ол мемлекеттік тілде немесе ресми қолданылатын орыс тілінде беріледі. Жауапты өтініш жасаған тілге аударуды ТИ қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

3) сотталған – шетелдіктердің өз мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдерімен және консулдық мекемелерімен, ал Қазақстан Республикасында дипломатиялық және консулдық мекемелері жоқ елдердің азаматтарының - олардың мүдделерін қорғауды өз мойнына алған мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерімен немесе оларды қорғаумен айналысатын халықаралық ұйымдармен байланыс ж а с а у ы н а р ұ қ с а т е т і л е д і ;

4) адвокаттардың заң көмегін пайдалана алады;

5) Тізбеде көрсетілген тамақ өнімдерін, заттарды және бұйымдарды сатып а л а д ы ж ә н е с а қ т а й д ы .

6) денсаулықтарын сақтауға қажет материалдық-тұрмыстық және медициналық-санитарлық қамтамасыз етіледі;

7) сотталғандардың өтініші бойынша ТИ-ға діни қызметшілерді шақыруды жүзеге асыру үшін ерікті жағдайда діни ғұрыптар мен жиылыстар жүргізеді.

Сотталғандардың құқықтарын жүзеге асыру кезінде жазаларды орындаудың тәртібі мен ережелері бұзылмауы керек, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне қысым жасалмауы керек.

18. Жазасын өтеу кезеңінде сотталғандар:

- 1) ТИ әкімшілігінің талаптарын орындайды;
- 2) күн тәртібі мен жүріс-тұрыс ережелерін қатаң сақтайды;
- 3) ТИ мүлкіне және мүліктің басқа түріне ұқыпты қарайды;
- 4) өзара және ТИ қызметкерлерімен және өзге де адамдармен қарым-қатынас жасауда сыпайы болуға тиіс;
- 5) тұратын жерін және коммуналдық-шаруашылық үй-жайды таза ұстайды, заттарды, азық-түлікті және жеке пайдаланатын заттарды арнайы жабдықталған орындарда сақтайды;
- 6) жеке бас гигиенасы ережелерін сақтайды, бір түсті қара, қою көк не қою қоңыр түсті белгіленген киім нысанын киеді, шашын қысқа етіп қияды, мұрт пен сақалын (еркектер үшін) алдырады;
- 7) алдын-ала медициналық тексеруден өтеді;
- 8) өрт қауіпсіздігі ережесін сақтайды.

19. Сотталғандарға:

- 1) күзет объектісінің желісін немесе ТИ шекарасын бұзуға;
- 2) Тізбеде көзделмеген заттарды, бұйымдарды алуға, дайындауға, пайдалануға және сақтауға;
- 3) материалдық және өзге де пайда табу мақсатымен карта және басқа да ойындар ойнауға;
- 4) бекітілген тәртіпті бұза отырып хат-хабар жіберуге және алуға;
- 5) ТИ әкімшілігінің рұқсатынсыз ұйықтайтын орнын бүркемелеуге және ауыстыруға;
- 6) камераларда тамақ дайындауға тыйым салынады.

3-тарау. Камераларға орналастыруды ұйымдастыру, сотталғандарға тексеріс жүргізу тәртібі

20. Сотталғандарды камераларға орналастыру ТИ бастығы немесе оның орнындағы адам бекіткен камералар бойынша орналастыру жоспары негізінде осы Ереженің 5-қосымшасына сәйкес ҚР ҚАК-тың 64-бабында көзделген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады. Сотталғандар камераларға жедел және медициналық қызметкерлердің келісімі бойынша ТИБКК немесе оның орынбасары орналастырады.

21. Ауру адамдар медициналық қызметкерлердің нұсқауымен орналастырылады. Жұқпалы ауруы бар деген сезікті адамдар карантинге бөлінген камераларға орналастырылады. Карантин мерзімі медициналық көрсеткіштер бойынша белгіленеді. Жұқпалы аурумен ауыратын немесе ерекше медициналық күтімді және байқауды қажет ететін аурулар басқа сотталғандардан бөлек орналастырылады. ТИ медициналық бөлімшелерінде қамау түріндегі

жазаға сотталғандар басқа сезіктілерден, айыпталушылар мен сотталғандардан ауру түрлеріне қарай орналастырылады.

22. ТИ-да ұсталатын өзге адамдар санатынан ерлер, әйелдер, бұрын бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өткерген адамдар оқшау ұсталады.

23. Сотталғандар осы Ереженің 6-қосымшасына сәйкес жабдықталған құлыппен жабылатын жалпы камераларда ұсталады. Сотталғандарды ТИ бастығының дәлелді қаулысы бойынша жеке адамға арналған камераларға орналастыруға осы Ереженің 7-қосымшасына сәйкес нысанда мынадай жағдайда р ұ қ с а т е т і л е д і :

1) заңнамада көрсетілген бөлек орналастыру талаптарын сақтауды қамтамасыз етудің өзге мүмкіндігі болмағанда;

2) өмір сүру және денсаулық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде сотталушы жеке ұстау туралы жазбаша өтініш берген жағдайда.

24. Осы Ереженің 21, 22-тармақтарында көрсетілген оқшаулау тәртібі сотталғандардың барлық орын ауыстыруы, соның ішінде ТИ аумағында серуендеу, қозғалу, тінту іс-шараларын жүргізу, санитарлық тазалау кезінде, адвокатпен кездесу кезінде қамтамасыз етілуі қажет.

25. ТИ-да сотталғандарды тексеру күн тәртібінде белгіленген уақытта күнделікті таңертең және кешке камералар бойынша жүргізіледі. Сотталғанның жоқтығына күдік туған жағдайда қосымша тексерулер жүргізілуі мүмкін.

26. Тексеріс әрбір сотталған адамға арналған фотосуреті бар камералық карточка бойынша жүргізіледі, онда тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы, ол сотталған Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚР ҚК) баптары, қамау түріндегі жаза мерзімі, мерзімінің басталуы мен аяқталуы, ТИ-ға келген күні көрсетіледі. Карточканы бекітілген режим қызметінің қызметкері жүргізеді. Карточка ТИ-да корпус бойынша аға қызметкердің бөлмесінде с а қ т а л а д ы .

27. Сотталғандарға күнделікті ұзақтығы бір жарым сағаттан аспайтын серуендеу жүргізіледі. Серуендеуге шыққан сотталғандар оқшаулау тәртібін сақтай отырып камералар бойынша серуендеу алаңдарына шығарылады. Серуендеуді мерзімінен бұрын тоқтату үшін сотталған серуендеуді өткізуге жауапты бақылаушыға жүгінеді, ол ТИ бастығына немесе ТИ әкімшілігінің уәкілетті өкіліне хабарлайды, олар өтініштің мәні бойынша шешім қабылдайды.

4-тарау. Хат-хабар алмасу, ақша аударымдарын алу және жеке қабылдауды ресімдеуді жүзеге асыру тәртібі

28. Сотталғандарға хаттарды, өтініштерді және жедел хаттарды санына шек қоймай ТИ әкімшілігі арқылы ғана өз есебінен алуға және жіберуге рұқсат

е т і л е д і .

29. Сотталғандарға ұсыныстар, арыздар, шағымдар жазу үшін олардың өтініштері бойынша жазу керек-жарағы (қағаз, қаламсап) беріледі.

30. Сотталғандардың ТИ қызметін бақылау мен қадағалауды жүзеге асырушы мемлекеттік органдарға жолданған хаттары мен өтініштері ТИ әкімшілігінің өкіліне жабылмаған түрде беріледі, олар цензураға жатпайды және бір тәуліктен кешіктірілмей (демалыс және мереке күндерін қоспағанда) тиісті жеріне жіберіледі.

31. Сотталғандар жеделхат бланкілерін толтырғаннан кейін, оларды ТИ әкімшілігі келесі күннен кешіктірмей жібереді. Жеделхаттарды жіберу үшін ақша төленгені туралы түбіртек сотталғанның жеке ісіне ол оған қол қойған соң тігіледі.

32. Сотталғандардың хат алмасуы цензураға жатады. Сотталғандардың өзге шарттылықтарды немесе жаргондарды қолданып, құпия жазулармен, шифрмен жазылған, сондай-ақ арсыз сипаттағы немесе мемлекеттік, қызметтік құпияларды құрайтын мәліметтері бар хаттары және олардың атына келген хаттар адресатқа жіберілмейді және сотталғанға берілмейді. Бұл туралы сотталғанға қол қойылып хабарланады және хат-хабарлар жойылады. Осы тәртіп ұқсас мазмұндағы жеделхаттарға да қолданылады.

33. Сотталғандарға келіп түскен ақша аударымдары олардың жеке шоттарына аударылады. Күйеуіне (әйеліне), жақын туыстарына және өзге де адамдарға ақша жіберу үшін сотталған өзінің жеке есеп шотындағы қаржы есебінен ақша аудару туралы белгіленген нысандағы банкінің бланкісін, сонымен бірге ТИ бастығының атына өтінішті толтырады. Ақша аударымының жөнелтілгені туралы түбіртекке сотталғанның қолы қойылып хабарланады, ол оның жеке ісіне тігіледі.

34. Өтініштерді қарау нәтижелері бойынша келіп түскен жауаптар сотталғандарға үш күн мерзімнен кешіктірілмей қолхат алынып хабарланады және жеке ісіне тіркеледі.

35. Сотталғандарды ТИ бастығы немесе оны алмастыратын не оның уәкілі демалыс және мереке күндерінен басқа уақытта күн сайын жұмыс уақытында ТИ-дың бастығымен бекітілген кесте бойынша жеке қабылдайды.

36. Қабылдау туралы ТИ бастығының немесе оның орнындағы адамның атына жазбаша өтініш беріледі немесе ауызша айтылады және берген уақытына кезектілік тәртібімен жеке қабылдау журналына тіркеледі. Қабылдау өтініштің берілуіне қарай кезектілік тәртібімен өткізіледі. Қабылдау аяқталған соң журналда және жеке қабылдау туралы өтініште оның нәтижесі тіркеледі. Өтініш сотталғанның жеке ісіне тігіледі.

37. ТИ бастығы, оның орынбасарлары немесе бөлім бастықтары

сотталғандардың туыстарын немесе басқа адамдарды жеке қабылдауды келушілер бөлмесінде ілініп тұратын кесте бойынша ТИ-дың қабылдау бөлмесінде жүзеге асырады. Осы бөлмеде азаматтарды жеке қабылдауға жазба жүргізіледі. Сотталғандардың туыстарын және басқа адамдарды жеке қабылдаудың нәтижелері арнайы журналда осы Ереженің 8-қосымшасына сәйкес нысанда белгіленеді.

5-тарау. Кездесуді беру және телефон арқылы сөйлесу және көтермелеу мен жазалау шараларын рәсімдеу тәртібі

38. Сотталғандарға заң көмегін алу үшін олардың өтініштері бойынша адвокаттарымен кездесу беріледі. Адвокаттың жеке басын куәландыратын құжаты, адвокатураға қатысын растайтын құжаты және осы істі жүргізуге адвокаттың өкілеттілігін растайтын ордердің екінші данасы болған жағдайда қорғаушыға сотталғанмен кездесуге рұқсат беріледі. Сотталғанның қалауы бойынша кездесу жеке бөлгіш қалқасыз ұсынылады. Кездесу ТИ қызметкеріне сотталған мен адвокатты көріп, бірақ оларды естіп отырмау жағдайында жүргізіледі.

39. Сотталғандармен кездесуге рұқсат алған адамдарға ТИ-ге техникалық байланыс құралдарын, кино-, фото-, аудио-, видео- және көбейткіш аппаратураларын алып кіруге және оларды кездесу кезінде пайдалануға тыйым салынды.

40. Кездесуді мерзімінен бұрын тоқтатуға мыналар негіз болады:

1) кездесуге келген адамдар кездесуді өткізуге жауапты ТИ қызметкерінің заңды талаптарын орындамау;

2) сотталғанға қандай да бір құралдар, заттар, тамақ өнімін бермекші болу немесе одан алмақшы болу;

3) қорғаушыға қылмыс немесе өзге де құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін мәліметтері бар заттар бермекші болу немесе одан алмақшы болу.

41. Кездесу мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда оны өткізуге жауапты ТИ қызметкері ТИ бастығына кездесуді тоқтатудың себептерін көрсете отырып, жазбаша түрде баяндайды.

42. Сотталғандармен кездесу қысқа мерзімге тоқтатылған жағдайда (эпидемияға қарсы шараларды өткізуге, ерекше жағдай кестесін енгізгенде және басқа себептермен) ТИ бастығы бұл туралы ТИ-да заңдылықтың сақталуын қадағалайтын прокурорға хабарлайды, келген адамдар үшін қабылдау бөлмесіне хабарлама ілінеді.

43. Сотталғандарға көтермелеу тәртібінде, сондай-ақ ерекше жеке жағдай кезінде (күйеуінің (әйелінің), жақын туысқандарының қайтыс болуы немесе

денсаулығының ауыр жағдайы) күйеуімен (әйелімен), жақын туыстарымен телефон арқылы сөйлесуге рұқсат беріледі. Телефонмен сөйлесуге рұқсат сотталғандардың жазбаша өтініші бойынша беріледі, онда мекен жайы, абоненттің телефон нөмірі, себебі (хаттама, хат) және сөйлесу ұзақтығы көрсетіледі, бірақ ол 15 минуттан аспауы керек. Қалааралық телефон сөйлесулерінің төлемі сотталғандардың жеке есеп шотынан қолданыстағы тариф бойынша жүзеге асырылады. Сотталған камерадан ТИ-дың резервтегі топтағы бақылаушының айдауылы арқылы телефон немесе таксофондық аппаратқа шығарылады және телефон сөйлесулері ТИ әкімшілігінің бақылуымен өткізілетіні жөнінде ескертіледі.

44. Телефонмен сөйлесу өткізілгеннен кейін сөйлесуді өткізуге жауапты ТИ қызметкері өтінішке болған не қандай да бір себеппен болмаған телефонмен сөйлесу туралы белгі қояды. Одан кейін өтініш тіркеуге және тиісті номенклатуралы іске енгізуге кездесу бөлменің бақылаушысына беріледі. Егер сөйлесулерді ТИБКК кешкі уақытта (сағат 19-дан 20-ға дейін) өткізген жағдайда, өтініш кездесу бөлмесіне келесі күні тапсырылады.

45. Қылмыстық-атқару жүйесінің басқа мекемелерінде ұсталатын сотталғандардың арасында телефон арқылы сөйлесуге тыйым салынады.

46. Сөйлесу, телефон немесе таксофон аппаратын пайдаланудың жоғарыда көрсетілген тәртібі бұзылған жағдайда сөйлесулер дереу тоқтатылады.

47. Сотталғандарға марапаттау және жазалау шараларын ҚР ҚАК 66-бабында көзделген тәртіпке сәйкес ТИ әкімшілігі қолданады.

ТИ бастығының немесе оны алмастыратын адамның қаулысымен сотталғандарға көтермелеу осы Ереженің 9-қосымшасына сәйкес және жазалау осы Ереженің 10-қосымшасына сәйкес қолданылады және көтермелеу мен жазалауларды тіркеу журналында осы Ереженің 11-қосымшасына сәйкес тіркеледі. Көтермелеу және жазалау шаралары туралы материалдар сотталғандардың жеке істеріне тігіледі.

6-тарау. Материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету

48. Сотталғандарды материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету жазасын жалпы режимдегі түрмелерде өтеуші адамдар үшін белгіленген нормаларға сәйкес жүзеге асырылады. Бір түсті қара, қою көк не қою қоңыр түсті белгіленген киімнің азаматтық үлгісін кию рұқсат етілген.

49. Апта сайын төсек жабдықтары ауыстырылады, сондай-ақ сотталғандарға 15 минуттан кем емес уақытқа душта жуынатын мүмкіндік беріледі.

50. Сотталғандарға өздерінде болмаған жағдайда олардың өтінішімен ТИ әкімшілігі белгілеген уақытта аптасына кемінде екі рет қырынатын құралдар

б е р і л е д і .

51. Стол ойындары бір камераға бір жинақтан беріледі.

52. ТИ кітапханасынан газеттер келіп түсуі мөлшері бойынша он адамға бір газет немесе егер ішінде 10 адамнан кем болмаса бір камераға бір газеттен беріледі. ТИ-дың кітапханасынан кітап және журнал айырбастау аптасына бір р е т жү р г і з і л е д і .

53. Қамау түрінде жазасын өтеп жатқан сотталғандарға ай сайын үш айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде тауар сатып алуға рұқсат етіледі. Сотталғандарға өзімен сақтауға болатын тамақ өнімдерінің, бірінші кезекте қажет заттардың, аяқ киім, киім-кешек пен басқа да өндірістік заттардың қоймадағыны қоса алғанда жалпы салмағы 35 кг. аспауы керек.

54. Тамақ өнімдерін, бірінші кезекте қажет заттар және өндіріс тауарларын сатып алғысы келетін адамдар ТИ бастығының атына осы Ереженің 12-қосымшасына сәйкес нысанда, белгіленген үлгіде өтініш жазып, әкімшілік ө к і л і н е т а п с ы р а д ы .

ТИ дүкенінің қызметкері тауар сатып алғысы келген сотталғандардың жеке есеп шотында ақшасының бар, жоғын қаржы бөлімінен тексереді. Сатып алынған тауарлар камераларға таратылып, қолхат арқылы беріледі.

55. Жұмыс күні аяқталғаннан кейін дүкен жұмысшысы аванстық есеп жасайды және өтініштермен қоса оны есеп шоттардан ақша алу үшін қаржы б ө л і м і н е т а п с ы р а д ы .

Тамақ өнімдерін және бірінші кезекте қажет заттарды алуда өтініштің және қолхаттың негізінде олардың бағасы сотталғандардың жеке шотынан алынып тасталады. ТИ әкімшілігі сотталғандардың тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажет заттарын сатып алуға жұмсаған ақша сомасы туралы оның жеке ісіне белгі қ о я д ы .

56. Сотталғандарға бірінші кезекті қажетті заттар мен маусымдық киімі бар посылка, сәлемдеме немесе бандероль алуға рұқсат етіледі.

57. Сәлемдемелерді, бандерольдарды және хат-хабарларды жеткізуге жауапты ТИ қызметкері оларды пошта бөлімшесінен алған кезде орамалардың, конверттердің, тапсырыс хаттарының тұтастығын тексереді. Зақым келтірілгені табылса, екі данада акті жасайды, онда зақымның сипатын жазады және пошта бөлімшесі қызметкеріне қол қойғызады. Бір данасын поштада қалдырады, екіншісін жинақтама папкіге тігеді.

58. Сотталғандар өз жеке шоты қаражаты есебінен туысқандарына және өзге адамдарға ТИ дүкенінен сатып алынған тамақ өнімдерін және бірінші кезекте қажет заттары салынған сәлемдемелерді және бандерольдерді, сондай-ақ өзінің жеке және қоймада сақталып жатқан заттарын жолдай алады. Жіберуге тағайындалған заттарды тінтуді ТИ әкімшілігінің өкілдері жүргізеді.

59. Тергеу изоляторының әкімшілігі сотталған адамдарды қамау түрінде жазасын өтеуге арналған тергеу изоляторының үй-жайларына шаруашылық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды орындауға ұзақтығы аптасына төрт сағаттан аспайтын уақытқа ақы төлемей тартуға құқылы.

7-тарау. Медициналық-санитарлық қамтамасыз ету тәртібі

60. ТИ медициналық бөлімшесінде сотталғандарды қабылдау ТИ медициналық бөлімшесінің жұмыс режиміне сәйкес алдын-ала жазба бойынша және медициналық қызметкерлердің тағайындаулары бойынша жүргізіледі. Сотталғандарға шұғыл медициналық көмек қажет болған кезде олар кестеден тыс қабылданып, денсаулық сақтау органдарының аумақтық емдеу-алдын-алу ұйымында ұйымдарына жөнелтіледі.

61. Сотталғанның туысқандарынан алынған медициналық дәрі-дәрмектерді қабылдауы қатаң медициналық көрсеткіштер бойынша және тек ТИ медицина қызметкерлерінің қатаң бақылауымен жүзеге асырылады.

62. Туберкулезбен ауыратын немесе созылмалы аурудың толық курсынан өтпеген сотталғандар, сондай-ақ ЖҚТБ-мен ауыратын сотталғандар ТИ-дың медициналық комиссиясының шешімі бойынша міндетті түрде ем қабылдайды.

63. Сотталғандарға өздерінің қалаулары бойынша бар сырқаттарымен денсаулық сақтау органдары қызметкерлері көрсететін ақылы, қосымша емдеу-алдын-алу көмегін алуға болады.

Бұл үшін сотталған тиісті өтінішімен ТИ бастығына өтініш жасайды, онда ол алғысы келген қосымша емдеу алдын-алу көмегінің түрі көрсетіледі. Медициналық маманның келу мерзімі мен уақыты туралы мәселе үш күндік мерзімде шешіледі. Медициналық маман ТИ-ге келгенде сотталғанның сырқатының тиісті түрінің медициналық қызметін иеленуге құқығын растайтын құжатты көрсетеді. Қосымша емдеу алдын-алу көмегінің түрі және оның көлемі сотталғанның медициналық картасында көрсетіледі.

Қосымша емдеу-алдын алу көмегінің төлемі сотталғанның өзінің жеке есеп шотындағы ақшадан сотталғанның өтінішінде көрсетілген соманы медициналық мекеменің не медицина қызметкерінің мекен жайына пошта арқылы аудару жолымен ТИ әкімшілігімен жүзеге асырылады.

Сотталғандардың қосымша емдеу-алдын алу көмегінің төлемі басқа тұлғалармен де жүзеге асырылуы мүмкін.

8-тарау. Сотталғандарды ТИ-дан босату тәртібі

64. ТИ әкімшілігі қамау мерзімі біткенге дейін бір айдан кешіктірмей осы Ереженің 13-қосымшасына сәйкес, сотталушы тандап алған тұрғылықты жері

бойынша республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына оның алдағы уақытта босатылатыны, тұрғын үйінің бар-жоғы, оның еңбек қабілеті мен алған мамандығы туралы хабарлайды.

65. Осы Ереженің 14-қосымшасына сәйкес нысан бойынша хабарлама босатылғанға дейін 20 күн ішінде сотталған таңдаған жері бойынша ішкі істер органына жіберіледі. Сотталғандарды босатуға дайындау бойынша материалдар сотталғанның жеке ісіне тігіледі.

66. Сотталғандарды ТИ-дан босатуды ТИ-дың бастығы сотталған жазасын өткергеннен кейін ҚР ҚАК 168-бабында көзделген негіздері бойынша жүргізеді.

67. Сотталғандар жаза мерзімінің соңғы күнінің бірінші жартысында босатылады. Егер жаза мерзімі демалыс немесе мереке күні аяқталатын болса, сотталушы жазаны өтеуден демалыс алдындағы немесе мереке алдындағы күні босатылады. Сотталушыға босатылған кезде оған тиесілі заттары мен құндылықтары, оның жеке шотындағы сақтаулы ақшасы мен жеке құжаттары, сондай-ақ жазасын өтегені туралы немесе жазадан босатылғаны туралы құжат беріледі.

68. Жазасын өтеп шыққан сотталғандарға көмек көрсету қылмыстық-атқару заңнамасының нормаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ә д і л е т о р г а н д а р ы н ы ң
қ ы л м ы с т ы қ - а т қ а р у ж ү й е с і
т е р г е у и з о л ь т о р л а р ы н д а
қ а м а у т ү р і н д е ж а з а н ы
о р ы н д а у е р е ж е с і н е
1-қосымша

Ескерту: 1-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2010.12.22 № 341 (ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

нысан

А К Т

20__ ж. «__» _____ облысы бойынша ҚАЖ
комитетінің қылмыстық-атқару жүйесі департаменті (бұдан әрі - ҚАЖК ҚАЖД)

Біз төменде қол қойғандар _____
(лауазымы, атағы, аты-жөні, әкесінің аты)

Сотталған _____
(аты-жөні, әкесінің аты, туған жылы, бабы, мерзімі)

_____ облысы бойынша ҚАЖК
Қ А Ж Д

(сотталғанның фотосуретінің, сауалнама деректерінің, жеке басын
растайтын құжаттардың сәйкес келмегенін көрсету)

кабылдау кезінде осы актіні жасадық.

_____ (лауазымы, атағы) _____ (лауазымы, атағы)

(аты-жөні, әкесінің аты) (аты-жөні, әкесінің аты)

Ескерту: акт үш дана жасалады, бірінші данасы сотталғанға үкім шығарған
сотқа, екінші данасы _____ облысы бойынша ҚАЖК ҚАЖД-не
жолданады, үшінші данасы сотталғанның жеке ісіне тігіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
ә д і л е т о р г а н д а р ы н ы ң ж ү й е с і
қ ы л м ы с т ы қ - а т қ а р у
т е р г е у и з о л ь а т о р л а р ы н д а
қ а м а у т ү р і н д е ж а з а н ы
о р ы н д а у е р е ж е с і н е
2-қосымша
нысан

Сотталғанды жеке тінтудің хаттамасы

_____ (тегі, аты, әкесінің аты)
_____ мекемесіне жеткізілген адамның туған жылы

20 ____ жылдың «__» _____

Тінту кезінде барлық жеке заттары қаралды. Онда алынғаны:

Тінту бойынша өтініштер мен наразылықтар _____

(егер түссе оның мәнін қысқаша мазмұндай, ал егер түспесе -

«Түскен жоқ» деп көрсету)

Тінту кезінде алынғандар хаттамаға толықтай енгізілді.
Жазбаның дұрыстығын растаймын _____

(қамауға алынған адамның қолы)

Тінтуді жүргізді: _____

(тінту жүргізген адамдардың лауазымы, Т.А.Ә.)

20__ жылдың " __ " _____

(тінтуді жүргізген адамдардың қолы) _____

Ескертпе: хаттама екі данада жасалады, бірінші данасы сотталғанның жеке ісіне тігіледі, екінші данасы сотталғанға беріледі.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ә д і л е т

о р г а н д а р ы н ы ң

қ ы л м ы с т ы қ - а т қ а р у

ж ү й е с і

т е р г е у

и з о л ь а т о р л а р ы н д а

қ а м а у

т ү р і н д е

ж а з а н ы

о р ы н д а у

е р е ж е с і н е

3-қосымша

**Сотталғандардың пайдалануына тыйым салынған заттардың,
бұйымдардың, нәрселердің, құжаттардың және тамақ өнімдерінің
ТІЗБЕСІ**

Атыс және суық қарулардың барлық түрлері.
Жарылғыш, уландырғыш және өртке қауіпті заттар.

Ақша, бағалы заттар, бағалы қағаздар.

Жылытуды қажет ететін тамақ өнімдері (кофе мен шайдан, тез әзірленетін
тамақ өнімдерінің жиынтығы), сондай-ақ ашытқы, қант.

Алкогольды ішімдіктердің барлық түрлері, сыра.

Әтір, иіс су және спирттік негіздегі өзге де бұйымдар.
Есірткі және есеңгірететін заттар.
Жазу машинкалары, көбейту аппараттары, компьютерлік құрал-жабдықтар,
рациялар, ұялы байланыс құралдары, сим-карта.
Кескіш - тескіш заттар.
Балталар, балғалар және басқа құрал-саймандар.
Ойын карталары.
Фотоаппараттар, фотоматериалдар, химикаттар, бейне-кинокамералар.
Кез келген құжаттар (соттың өкімі мен ұйғарымы, ақшасын, заттарын, бағалы
бұйымдарын сақтауға тапсырғаны туралы түбіртегінен басқа).
Топографиялық карталар, компастар.
Әскери және басқа нысанды киімдер, қажетті заттар.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
ә д і л е т о р г а н д а р ы н ы ң
қ ы л м ы с т ы қ - а т қ а р у ж ү й е с і
т е р г е у и з о л ь а т о р л а р ы н д а
қ а м а у т ү р і н д е ж а з а н ы
о р ы н д а у е р е ж е с і н е
4-қосымша

**Сотталғандарға өздерімен бірге ұстауға, посылкалармен,
сәлемдемелермен, бандерольдермен алуға, ТИ дүкендерінен сатып алуға
руқсат етілетін заттар мен бұйымдардың ТІЗБЕСІ**

Темекі өнімдері, сіріңкелер, оттық.
Белгіленген үлгідегі киім, бас киімдер, аяқ киім және төсек-орын жабдықтары

Іш киімдер (жылы және жай), бір түсті қара футболкалар, көк қара немесе
қоңыр көк түсті тоқыма. Бір түсті қара, көк қара немесе қоңыр көк спорт киімдері

Бет орамал, белдік, шұлық-ұйық бұйымдары, колготки, бес саусақты қолғап,
қолғап, бөлме ішінде киетін тапочка, спорттық аяқ киім, жіп, мойын орағыш,
с ү л г і .

Дәретхана жабдықтары (иіс, шаруашылық сабындары, тіс щеткасы, тіс
ұнтағы, тіс пастасы, сабын су, кремдер, тарақ).

Үш бұрышты орамал, іш киім, белдік, гигиеналық пакет, шаш қыстырғыш,
мақта, косметикалық бұйымдар.

Айна, электрлік не болмаса механикалық ұстара, қауіпсіз ұстара (бір рет
қ о л д а н ы л а т ы н) .

Етік щеткасы және киімге арналған щетка, аяқ киім кремі.
Ыдыс-аяқтар, көзәйнек қабы, сабын және тіс щеткасы, кружка, тәрелке, қасық

Үстел ойындары.

Оқулық, оқушы дәптері, пошталық конверттер, құттықтау хат, марка, жай
қарандаш, автоқалам, сия мен өзектер.

Әдебиет.

Фотокарточкалар, фотоальбомдар.

Заводта жасалған тұрмыстық электроқайнатқыштар.

Бағалы емес металдардан жасалған денеге тағатын крестиктер және
табынатын заттар.

Балдақ, ағаш қолтаяқ, протездер, мүгедектерге арналған арбалар, қымбат
бағалы емес металдардан жасалған көзілдірік жақтаулары, контактілік линзалар
және оларды күтіп-баптау құралдары (дәрігердің рұқсаты бойынша).

Бағалы емес металдан жасалған қол немесе қалта сағат. Телефонның
Smart-карталары.

Ескерту:

1. Көрсетілген тізбе ТИ жанындағы дүкендерде қамтамасыз етіледі.
2. Сотталғандарды басқа мекемеге ауыстыру кезінде өзімен бірге тек жеке
заттарын және тамақ өнімдерін алуға ғана рұқсат етіледі.
3. Сотталғанға тиісті тамақ өнімдерінің, бірінші кезекте қажет заттардың, аяқ
киімдердің, киімдердің және басқа өндірістік тауарлардың жалпы салмағы
қоймадағыны қоса алғанда 35 килограмнан аспауы тиіс.

Қазақстан Республикасы
әділет органдарының
қылмыстық-атқару жүйесі
тергеу изоляторларында
қамау түрінде жазаны
орындау ережесіне
5-қосымша
нысан

Бекітемін
Мекеме бастығы

(атағы, қолы, тегі)

« ___ » _____ 20 __ ж.

Камера бойынша орналастыру жоспары

--	--	--	--

Бөлек ұсталады	Камера №	Камерадағы орын саны	Ескерту
1	2	3	4

1. Сотталған ер адамдар:
 - а) бірінші рет сотталғандар;
 - б) бұрын бас бостандығынан айыру орындарында отырғандар (қылмыс құрамына байланысты емес) және сотты болғандар.
2. Сотталған әйелдер:
 - а) бірінші рет сотталғандар;
 - б) бұрын бас бостандығынан айыру орындарында отырғандар (қылмыс құрамына байланысты емес) және сотты болғандар.
3. Карцерде қамауда отырған сотталғандар.
4. ТИ медициналық бөлімшесінде жатқан науқас сотталғандар.
5. Жиынтық бөлімше камераларында ұсталатын сотталғандар.

Ескерту: Камера бойынша орналастыру жоспары кезекші бөлімінде, ТИ басшысының кабинетінде, жедел бөлімде, арнайы есепке алу бөлімінде, режим және күзет бөлімдерінде болуы тиіс.

Мекеме бастығы _____
(аты-жөні, атағы, қолы)

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
 ә д і л е т о р г а н д а р ы н ы ң
 қ ы л м ы с т ы қ - а т қ а р у ж ү й е с і
 т е р г е у и з о л ь т о р л а р ы н д а
 қ а м а у т ү р і н д е ж а з а н ы
 о р ы н д а у е р е ж е с і н е
 б-қосымша

Жалпы камералардың сипаттамасы

Сотталғандар ұсталатын камералардың құрылысы сыртқы қоршаған ортадан және біріккен бөлмелерден сенімді оқшаулануы қамтамасыз етілуі тиіс. Камералардың жоспарлық нысаны есіктің «көзегі» арқылы анағұрлым жақсы көрілуін қамтамасыз етуі тиіс.

Камералардың есігі көлемі 90 x 200 сантиметр (бұдан әрі - см) екі жақты болады. Есік үш жазықтықтағы жабылу механизмінің көмегімен жабылады. Есікке бекіту мүмкіндігі бар қосымша блокты белгілеу құлпы қондырылады. Есіктің сыртқы жағына жабқыш тетігін қамтамасыз ететін техникалық люк орналастырылады. Қарау қондырғысы камерадан коридор көрінбеу үшін, еденнен 150 см биіктікте, камераның ішкі жағынан 14 x 24 см, дәлізден 3,5 x 4 см көлемінде сопақша тесік арқылы жасалады.

Ішкі есіктер шекті дөңгелек және жолақтық болат темірден жасалады. Еден деңгейінен 95 см биіктікте тамақ үлестіруге арналған көлемі 18 x 22 см кішкене терезеше орнатылады. Кішкене терезеше дәліз жаққа ашылып, көлденең кронштейндер арқылы бекітілуі тиіс.

Есікті жабу үшін аспалы құлыппен бекітілетін ысырманы пайдалану керек. Ысырма болаттан жасалған қорапта орнатылады және жабу кезінде сыртқы есікке тығыз қысылады.

Есіктерді камералардың ортасында орналастыру керек, камералардың көрінуін жақсарту үшін есік қорабы мен есікті қабырғаның ішкі жағына жақынырақ орнатады. Камералардың есіктері дәліз жағына ашылып, дәліз жағындағы есік жаппасында есік тұтқаларының болуы қарастырылуы керек.

Есік жаппасының ашылу бұрышы бір өтпелі камераға бір адам кіретіндей етіп орнатылуы керек. Бұл мақсатта дәліз жағынан есік жаппасының белгілі бір бұрышқа ашылуын қамтамасыз ететін бекітілу шектеуіштерін орнату қажет. Камералардың есік-құлыптары жапсырмалы-қорапты болуы керек. Бұранда құлыптар орнатуға болмайды. Құлып кілтпен үш айналымға, ал есік жабылған кезде автоматты түрде бір айналымға жабылуы керек.

Терезелердің көлемі: ені 130-140 см, биіктігі 110-120 метр. Терезе жақтауларын екі жақты (фрамуга) етіп жасау керек. Терезелердің жармаларын және фрамугаларды сенімді бекітілетін құлыптармен жабдықтау керек. Жармаларды терезе қораптарына жасырын бүршігі бар бұрандалы шегемен бекітеді. Терезе ойығының төменгі жағын еден деңгейінен кемінде 160 см биіктікте жасау керек.

Терезе алдының орнына терезе ойықтарында бұрыштары дөңгеленген еңіс жасалады. Қызметтік және қосымша үй-жайларды, камералардың, стационарлық палаталардың барлық терезелерінде сыртқы жақтан анкерлері бар терезе жармаларының периметрі бойынша қабырғаға салынатын кемінде 25 см металл торлар салынуы тиіс. Бөлу торларының көлемі 12 x 20 см дөңгелек және жолақтық болат темірден жасау керек. Диаметрі 0,2 см дөңгелек болатты тордың тік элементтеріне, ал кескіні 0,60 x 0,12 см жолақтық болатты көлденең элементтерге және торды орауға қолдану қажет. Камера ішінен терезеге қол жетпейтіндей, терезе рамасынан кемінде 50 см қашықтықта ішкі жақтан дөңес металл торлар қондырылады.

Жалпы камералар габариттік көлемі 188 x 65 см екі қабатты темір кереуетпен, бір адамға 40 метр есебінен алынған ағаш үстелдермен және орындықтармен, 5 орынға бір ұзындық метр есебінен алынған киім ілетін қуыспен жабдықталады. Камералардың барлық жабдықтары еденге бекітілуі тиіс.

Әрбір камерада қолжуғыш пен унитаздан тұратын, камералардың қоршау конструкцияларына мықтап бекітілген санитарлық торап жабдықталады.

Санитарлық торап тұтас қалқамен бөлініп, есікпен жабдықталады және
кафельмен жапсырылады.

Барлық камераларда тақтайдан жасалған сырланған едендер орнатылады.
Қазақстан Республикасы
Әділет органдарының
қылмыстық-атқару жүйесі
тергеу изоляторларында
қамау түрінде жазаны
орындау ережесіне
7-қосымша

Ескерту: 7-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2010.12.22
№ 341 (ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа
енгізіледі) Бұйрығымен.

нысан
20__ жылғы «__» _____

Сотталғанды бір адамдық камераға ауыстыру туралы қаулы

Сотталған _____
(тегі, аты, әкесінің аты)

(бір адамдық камерада ұстауға негіз болған

анықтамалар көрсетіледі)

Қаулы етті:

Сотталған _____
(тегі, аты, әкесінің аты)
одан әрі бір адамдық камераға ауыстырылсын.
_____ облысы бойынша ҚАЖК ҚАЖД _____ мекемесінің
бастығы

(атағы) (қолы) (тегі)
20__ жылғы «__» _____

Қазақстан Республикасы
Әділет органдарының
қылмыстық-атқару жүйесі
тергеу изоляторларында
қамау түрінде жазаны
орындау ережесіне
8-қосымша
нысан

Сотталғандарды және өзге адамдарды жеке мәселелері бойынша қабылдау журналы

(қабылдауды жүзеге асырушы лауазымды адамның қызметі, атағы және тегі)

Басталды _____

Аяқталды _____

Қабылдау күні	Қабылдауға келген адамның аты-жөні	Қойылған сұрақтардың мазмұны	Қабылданған шешім	Орындалғандығы туралы белгі
1	2	3	4	5

Е с к е р т у :

Журнал екі бөлімнен тұрады, нөмірленген, бау өткізілген, мөрленген және ТИ кеңсе қызметкерінің қол қоюымен расталған болуы тиіс.

Қазақстан Республикасы
Әділет органдарының
қылмыстық-атқару жүйесі
тергеу изоляторларында
қамау түрінде жазаны
орындау ережесіне
9-қосымша
нысан

Ескерту: 9-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2010.12.22 № 341 (ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

нысан

Сотталғанды марапаттау туралы ҚАУЛЫ

Сотталған _____
(аты - жөні , туған жылы)

_____ (марапаттаудың негіздемесі көрсетіледі)

ҚР ҚАК-нің 66-бабын басшылыққа алып,

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Сотталған _____
(тегі , аты , әкесінің аты)
_____ жариялансын.

(марапаттау түрі көрсетіледі)

_____ облысы бойынша ҚАЖК ҚАЖД _____ мекемесінің
бастығы

_____ (атағы) _____ (қолы) _____ (тегі)
« ____ » _____ 20 ____ жыл

Қаулы маған хабарланды _____
(сотталғанның қолы және күні)

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ә д і л е т о р г а н д а р ы н ы ң
қ ы л м ы с т ы қ - а т қ а р у ж ү й е с і
т е р г е у и з о л ь а т о р л а р ы н д а
қ а м а у т ү р і н д е ж а з а н ы
о р ы н д а у е р е ж е с і н е
10-қосымша

Ескерту: 10-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2010.12.22 № 341 (ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

нысан

Сотталғанға жаза тағайындау туралы ҚАУЛЫ

Сотталған _____
(аты - жөні , туған жылы)

№	Жарияланған жазалау немесе көтермелеу күні	Сотталғанның тегі, аты, әкесінің аты	Сотталғанның жеке ісінің нөмірі	Не үшін жазаланды немесе көтермеленді	Жазалау немесе көтермелеу түрі	Т И бастығының қолы
1	2	3	4	5	6	7

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
 ә д і л е т о р г а н д а р ы н ы ң
 қ ы л м ы с т ы қ - а т қ а р у ж ү й е с і
 т е р г е у и з о л ь а т о р л а р ы н д а
 қ а м а у т ү р і н д е ж а з а н ы
 о р ы н д а у е р е ж е с і н е
 12-қосымша
 нысан
 Жеке есеп шотта _____ теңге ___ тиын бар. № ___ түбіртегі _____
 Бухгалтер _____ Сотталған _____
 « ___ » _____ ж.

ӨТІНІШ

Маған төмендегідей тауарларды сатып алуға рұқсат етуіңізді сұраймын:

№ №	Тауардың атауы	Саны	Босатылған сома	Сомасы
1	2	3	4	5

Барлығы: _____

 (Сотталғанның қолы)

Қолхат

_____ сомаға тауар алдым.
 (жазумен)

Осы соманы менің жеке есеп шотымнан алуды сұраймын.

 (Сотталғанның қолы)

20 ___ жылғы _____

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
 ә д і л е т о р г а н д а р ы н ы ң
 қ ы л м ы с т ы қ - а т қ а р у ж ү й е с і
 т е р г е у и з о л ь а т о р л а р ы н д а
 қ а м а у т ү р і н д е ж а з а н ы

орындау ережесіне

13-қосымша

Ескерту: 13-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2010.12.22 № 341 (ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

нысан
М е к е м е
мөртабаны

(кімге)

ХАБАРЛАМА

20 ____ ж. « ____ » _____ облысы бойынша ҚАЖК ҚАЖД
_____ мекемесінен

(мекеме атауы)

(ҚР ҚК-нің қандай бабымен (баптарымен) сотталды, жазалау шарасы)

(аты-жөні, туған жылы және жері)

босатылады және босатылған соң _____
(таңдаған мекен жайы көрсетіледі)

_____ мекен жайына барып,

(босатылушының таңдаған жұмыс орны көрсетіледі)
_____ жұмыс жасауға

ниеттеліп отыр.

ҚР ҚАК-нің 176-бабының 1-тармағына сәйкес _____
_____ мекен жайында тұрғын үйі бар
екендігін, оның _____ еңбекке қабілетті екендігін
және _____ бойынша мамандығы бар екендігін хабарлаймыз.

Мекеме бастығы _____
(аты-жөні, қолы)

20 ____ ж. _____

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

ә д і л е т о р г а н д а р ы н ы ң

қ ы л м ы с т ы қ - а т қ а р у

ж ү й е с і

т е р г е у

и з о л я т о р л а р ы н д а

қ а м а у

т ү р і н д е

ж а з а н ы

орындау ережесіне

14-қосымша

нысан

М е к е м е

мөртабаны

Ішкі істер бөлімінің бастығына

**Тергеу изоляторынан босатылатын адам туралы
ХАБАРЛАМА**

200__ж. _____

(Т И а т а у ы)

_____ (б о с а т ы л у к ү н і)

_____ босатылады.

(тегі, аты, әкесінің аты)

1. Туған жылы, айы, күні, туған жері _____

2. Босатылған кезде таңдаған тұрғылықты мекен-жайы _____

3. Сотталғанға дейін _____

_____ мекен жайында,
ата-анасымен; ағайын-туыстарында; балалар үйінде; мектеп-интернатында; оқу
орнының жатақханасында; кәсіпорында; жеке пәтерінде; басқа адамдардың
пәтерінде _____ тұрған

_____ (қажеттісін сызу қажет)

4. Сотталғанға дейін _____

(оқу орнының, сыныбының, курсының және жұмыс _____

_____ о р н ы н ы ң а т а у ы)

_____ жұмыс жасаған, оқыған.

5. Мамандығы _____

6. Білімі _____

7. Соттылығы _____

8. Соңғы қылмысты жалғыз; _____ адамнан тұратын топпен жасаған.

9. Жасалған қылмысқа қатысу деңгейі _____

(ұйымдастырушы, арандатушы, орындаушы, қатысушы, жасырушы және т.б.)

10.

Б а й л а н ы с т а р ы :

1) соңғы рет бір іс бойынша бірге сотталған адам _____

(аты-жөні, жасы, жалған аты, ұдайы тұрғылықты мекен жайы)

2) тергеу изоляторында жақын теріс байланыста болуды қолдаған және бұдан әрі қолдауы мүмкін адам _____

(аты-жөні, жасы, жалған аты, мекен жайы, қайда және

қ а ш а н к е т у і м ү м к і н)

3) тергеу изоляторынан, ТИ-ден босатылуға жататын немесе бостандықтағылар ішінде жағымды әсер ете алатын тұлға _____

(аты-жөні, тұрғылықты жері)

11. Туыстары жөнінде мәлімет _____

(аты-жөні, тұрғылықты жері)

Мекеме бастығы _____

(қолы, аты-жөні)